

2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жоспары

№	Мазмұны	Мерзімі
1.	Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын жасау, бекітіру	Тамыз
2.	Сынып оқушыларының жаңа оқу жылына дайындығын, оқулықтармен қамтылуын қалағалау	Тамыз
3.	30 тамыз – Конституция күніне арналған іс-шараны өткізуге атсалысу	Тамыз
4.	1 қыркүйек- Білім күніне арналған салтанатты іс-шараға қатысу, сынып сағатын өткізу	Қыркүйек
5.	Ата-аналар жиналыстарын өткізу	Қыркүйек, әр тоқсан соңында
6.	Сынып оқушыларына техника қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру	Қыркүйек, әр тоқсан соңында
7.	Тәрбие сағаттарын өткізу	Әр аптада
8.	Сынып жиналыстарын өткізу	Айына 1 рет
9.	Ата-аналардың сынып тәрбие сағаттарына кесте бойынша жүйелі түрде қатысуын ұйымдастыру	Айына 2 рет
10.	Қосымша құрамына тәрбие беру жұмыстарын жүргізу	Айына 2 рет
11.	ЮПТ қызметкерлерімен тығыз байланыста болу, сынып жиналыстарына қатысуын ұйымдастыру	Жылына 2 рет
12.	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының тегін ыстық тамақпен қамтылуын қалағалау	Жыл бойында
13.	Тәрбиесі ювын, сабақ үлгерімі төмен оқушылар-мен жеке жұмыс жүргізу	Кезінде
14.	Педагог-психолог, әлеуметтік педагог, аға тәлім-гермен байланыста болу, бірлесе жұмыс жүргізу	Жыл бойында
15.	Оқушылардың сыныптан және мектептен тыс үйірме жұмыстарына жүйелі түрде қатысуларын қалағалау	Кестеге сәйкес
16.	Оқушыларды танымдық жерлерге, мұражайларға алып баруды ұйымдастыру	Демалыс кездерінде
17.	Елге танымал тұлғалар, спортшылар, тұрғын мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастыру	Жылына 2 рет
18.	Тазалық күнін өткізу	Әр аптада
19.	Мектеп ауласындағы сыныпқа тиесілі территорияларда сенбіліктер ұйымдастыру	Кезінде
20.	Оқушылардың мектептегі тұрғын іс-шараларға белсене қатысуын ұйымдастыру, басшылық жасау	Қыркүйек-мамыр
21.	1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері»	Айына 1 рет

Сынып жетекшісі:

А.В.Т. Т.А.

«КЕЛІСЕМІН»
ДТІЖО орынбасары:

С. Коммаринова



«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры:

Сатмағұлов С. А.

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНЕ АРНАЛҒАН

Ж У Р Н А Л

2023-2024 оқу жылы

Сынып 4 Б

Сынып жетекші: Ж. Байсейітова

«Мәдени жалпы білім беретін мектеп»

КММ

Тәрбие жұмысының жылдық есебі

7 Б-сынып



Сынып жетекшісі: Балкыбекова К

2023-2024 оқу жылы

**Мәдени жалпы орта білім беретін мектебінің 7-сынып жетекшісінің
2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы бойынша жылдық есебі**

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
Білім күніне орай «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм»
тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Жаңа оқу жылында оқушыларға
жақсы көңіл күй, жағымды жаңалықтар айтылды. Оқушылармен бірге
құндылықтар тақырыбында талқылаулар жүргізілді.

Оқу жылының басында 2023-2024 оқу жылының міндеттері
айқындалды. Білімді ұрпақ келешектің кепілі екендігіне көз жеткізе білді.
А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай «Тіл ұлттың мәртебесі» тақырыбында
тәрбие сағаты өткізілді. Тіл-қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі
де, құдіретті екенін сезінді. Оқушылар өлең оқып, ана тілі туралы ән айтты.



Біз «Зорлық-зомбылыққа қарсымыз» атты тәрбие сағаты
өткізілді. Тәрбие сағатында мұғалім зорлық- зомбылық туралы
түсіндірді. Оқушылар түрлі ситуациялық сұрақтар қойды. Зорлық
зомбылықсыз балалық шақ тақырыбына постер қорғады.



Қыс қызығы

Қысқы демалыс алдын сыныпты безендірдік. Оқушылар керемет көңіл күймен безендіру жұмыстарын жүргізді. -«Жаңа жылдық көңіл күй қалыптасты, ерекше болды»- деп, оқушылар мәз-мейрам. Жаңа жылға дайындық сәтінен

«Қош келдің Жаңа 2024 жыл!»

7-11 сынып аралығында 11-сыныптың ұйымдастыруымен өткен жаңа жылдық бағдарламаларға қатысты. Жаңа жылда жаңа тілектер айтылды.



Қысқы демалыс кезінде сыныппен жиналып, «Жантөртбұрыш» алаңына барып көңілді демалыс өткіздік. Шымкент Плаза ойын сауық алаңына кіріп, кино көрдік және тамақтандық. Қысқы демалысымызды өте қызықты, әрі жоспарлы түрде өткіздік.



Мамыр айында оқушылармен қалаға киноға бардық. Бәйдібек би алағындағы облыстық мұражайды тамашалап, жақсы ісер алып қайтты. Саябақта демалып, ойындар ойнап, тамақтанды.





“Бірлігіміз жарасқан” тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. Тәрбие сағаты әнұранмен басталды. Оқушылар патриоттық ән шырқады. Постер қорғады. Оқушылардың елге, отанға деген сүйіспеншілігі артты деп ойлаймын.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті сабағынан үзінді. 5-7 сынып аралығында өткен ата-аналар сабағы өтті. Ата-аналардан сауалнама алынды. Тренинг жүргізілді. Белсенді қатысқан ата-аналарға алғыс хат берілді.



Наурыз айы жаңару айы, қазақтың ұлттық дәстүрін сақтау мақсатында ұлттық киім киюді дәріптеп отырдық. Оқушылар наурыз айында ұлттық киім киді. Салт дәстүрлерді апта сайын жаңғыртып отырдық. Спорттық ойындармен, ұлттық тағамдармен.



«Таза Қазақстан» жобасы бойынша шектелген аумақты жинауға, ауылымыздың аллеясына барып, тазалық жұмыстарын жүргіздік.



Оқушылар түрлі спорттық, өнкүндік, апталық іс-шараларға қатысып орындар алды.



Көктемгі демалыс кезінде оқушылармен көкке, яғни ауылымыздың әсем жері «Баян» қа барып пикник жасадық. Кезекі жоспарлы демалысымыз өте қызықты өтті.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кезекті соңғы сабағын өттім. Ата-аналар белсенді түрде қатысып, өте жоғары деңгейде өттік.




Ата аналар жиналысы тоқсан сайын өткізілді. Жиналысқа мектеп психологы қатысып ата аналардан сауалнама алып, тренинг өткізіп отырды. бала тәрбиесі туралы баяндама оқыды.

Биылғы оқу жылында мектебімізде жаңаша форматта ата-аналар жиналыстары өткізілді. Сыныбымының ата-аналары әртүрлі іс-шараларға қатысты. Демалыс кезінде ата-аналарға балаларының қауіпсіздік ережелері туралы мағлұмат берілді. Баланың бос уақытын тиімді пайдалану ұсынылды. Сыныбымызда жоспарланған тәрбие сағаттары толығымен өткізілді. Оқушылар белсенді қатыса алды. Биылғы жылы сыныбымызда үлкен жетістікке жеткен оқушылар болды. Бөкстан жүлделі орындар иеленген Құдайберген Е, Темиралы Р, күрестен Оралбек Ж. Аудандық, облыстық жарыстардан жүлделі орында алып келді.



Волейболдан Ордабек А, Үсілбай А аймақтан, ауданнан 2 орынды иеленді. Биші қыздарымыз Ақбота байқауына қатысып өз өнерлерін көрсетіп қайтты. Сыныбымынан Тастемір М күз аруына қатысып “Өнерлі қыз” номинациясын иеленді. Демалыс күндерін жақсы өткізу мақсатында сыныбымымен бірге Бәйдібек би саябағына саяхат жасадық.



“Білім Отаныма” атты тәрбие сағатымен оқу жылын аяқтадық.Тәрбие сағатынан соң үздік оқушыларды мактау қағазымен марапаттадым.Спорттық жарыс жеңімпаздарын құттықтап суретке түстік.

7-сыныпта 20 оқушы бар.

Оның ішінде 12-ұл бала, 8-қыз бала бар.

Үздіктер -5, Екпінділер-7,қалған оқушылар орта.


Көпбалалы отбасылар – 8

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы саны -1

Жартылай жетім -жөк

Үйірге (еркін күрес) қатысатын оқушылар -6

Келісемін

ДТІЖорынбасары: 


С.Көшербайұлы



**«Мәдени жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің 7 Б –сыныбының жетекшісі Қ.Балкыбекованың 2023-2024
оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары**

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Орындалуы
1	Жаңа оқу жоспарын бекіту	тамыз	Қ.Балкыбекова ДТІЖО	
2	Оқушылардың оқулықпен қамтылуын қадағалау	тамыз	Қ.Балкыбекова Г.Әшенова	
3	1-қыркүйек Білім күніне арналған іс шараға қатысу, сынып сағатын өткізу	қыркүйек	Қ.Балкыбекова ДТІЖО	
4	Ата-аналар жиналысын өткізу.	тоқсан сайын	Қ.Балкыбекова	
5	Сынып оқушыларын қауіпсіздік ережесімен таныстырып, қол қойдыру	тоқсан сайын	Қ.Балкыбекова	
6	Тәрбие сағаттарын өткізу. Ата-аналарды шақыру	апта сайын	Қ.Балкыбекова	
7	Сынып, топ жиналыстарын жасау.	ай сайын	Қ.Балкыбекова	
8	Оқушылардың сыныптан тыс, үйірмеге қатысуын қадағалау	дер кезінде	Қ.Балкыбекова Пән мұғалімдері	
9	Мектеп психолгымен, әлеуметтік педагог, медбике, тәлімгермен байланыста болу	жыл бойы	Қ.Балкыбекова М.Тленшиев А.Әбжаппар	
10	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларының ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау	жыл бойы	Қ.Балкыбекова А.Әбжаппар	
11	Тазалық күнін өткізу. Сыныпқа тиесілі территорияда сенбілік ұйымдастыру	апта сайын	Қ.Балкыбекова	
12	Мектеп инспекторы, дін өкілдерімен кездесу ұйымдастыру	жылына 2 рет	Қ.Балкыбекова ДТІЖО С.Көшербайұлы	
13	Медициналық тексеруден өткізуін қадағалау	жылына 1 рет	Қ.Балкыбекова А.Амиракулова медбике	
14	Оқушыларды іс шараларға, байқауларға, спорттық жарыстарға қатысуын ұйымдастыру, басшылық ету	дер кезінде	Қ.Балкыбекова Пән мұғалімдері	
15	Оқушыларды танымдық жерлерге, мұражайларға алып баруды ұйымдастыру	демалыс кезінде	Қ.Балкыбекова ДТІЖО С.Көшербайұлы	

Сынып жетекшісі:



Қ.Балкыбекова